

«Қазақ тілі» пәнінен
(оқыту қазақ тілінде)

тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы

11-сынып

(жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Нұр-Сұлтан қ., 2019

Мазмұны

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты	3
2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар	3
4. Ойлау дағдыларының деңгейі.....	4
5. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі.....	6
6. Модерация және балл қою	7
1-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	8
2-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	15
3-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	25
4-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ	34

1. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мақсаты

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталған.

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексереді.

2. Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың мазмұнын анықтайтын құжаттар

Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

3. Күтілетін нәтижелер

1) тыңдалым:

білім алушы қарым-қатынастың әртүрлі аяларындағы мәтіндердің мазмұнын, коммуникативтік ниетін, сонымен қатар, сөйлеушінің әлеуметтік және эмоционалды-экспрессивті сөйлесім ерекшеліктерін толық түсінеді; ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну деңгейінде қабылдайды; тыңдалған мәтінді айқындылығы мен бейнелілігі жағынан бағалайды;

2) айтылым:

дәлелді монологтік немесе диалогтік сөз дайындай отырып, коммуникативтік мақсатқа сәйкес түрлі тіл құралдарын тиімді қолданады; көркем шығармалардың тақырыбы бойынша пайымдайды, шығарма кейіпкерлеріне және олардың әрекеттеріне деген өзінің қатынасын білдіреді; әртүрлі айтылған сөздерді сыни тұрғыдан бағалайды; тіл нормаларын, сөйлеу тәртібі мен әдеп нормаларын сақтайды; проблеманың себептері мен салдарларын болжайды; мәселелерді шешу жолдарын ұсына отырып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік-рухани, патриоттық, тарихи-мәдени дамуымен байланысты идеяларды жинақтайды;

3) оқылым:

жасырын мағынасын таба отырып, тұтас және тұтас емес мәтіндердің мазмұнын толық түсінеді; мәнмәтіннен таныс емес сөздердің мәнін анықтайды; оқытылатын тақырыптар шеңберінде академиялық мәтіндердің ерекшеліктерін айқындайды; түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды іріктейді; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың өнегелік идеалы туралы түсінігін талдай отырып, әдебиет туындыларын өнердің басқа түрлеріндегі бейнесімен салыстырады; қойылған міндеттерге байланысты оқылымның әртүрлі стратегияларын қолданады;

4) жазылым:

тақырып, мақсат, мәселелер және тілдесу жағдаятына сәйкес орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай отырып, түрлі типтегі және стильдегі мәтіндерді құрастырады; алынған ақпаратты зерттеу және жинақтау негізінде түрлі тақырыпта тұтас немесе тұтас емес мәтіндер құрайды; мәтіндерге әртүрлі жоспарлар құрастырады; мәдениет пен тілдің көпқырлылығы, патриотизм және тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы мәселелерін қарастыра отырып, көркем әдебиет шығармалары бойынша шығармашылық жұмыстар жазады; ойы мен сезімін анағұрлым дәлме-дәл жеткізу үшін көркемдеу құралдарын – троптар мен стилистикалық тәсілдерді қолданады.

4. Ойлау дағдыларының деңгейі

Дағдылар тобы	Ойлау дағдыларының деңгейі	Тапсырмалар сипаттамасы	Сұрақтар түрі
Тыңдалым	Білу және түсіну Қолдану Жоғары деңгей дағдылары	– мәтін үзінділері бойынша болжам жасап, тиісті ақпаратты анықтайды; – мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелейді; – оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді; – көркем шығарманы тыңдап, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасайды; – мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтайды; – көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдайды және салыстырады, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізеді.	Сәйкестендіруді және қысқа жауапты қажет ететін, көп таңдауы бар сұрақтар
Оқылым		– мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтап, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды; – ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды; – әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға береді және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырады; – ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, очерк, үндеу, дәріс, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасайды; – қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасайды;	Оқылым негізінде қысқа жауапты, толық жауапты қажет ететін сұрақтар. Сөйлемді перифраздауды қажет ететін тапсырмалар

		– мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға береді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді.	
Жазылым және тілдік бағдар		– ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала, баспасөз парағы, аннотация, үндеу жазады; – қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе); – шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазады; – тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстырады (тірек-схема, менталды карта, презентация); – ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастырады; – мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолданады; – ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолданады; – сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолданады; – мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданады; – мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданады; – мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолданады; – мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданады; – мәтін құрауда шылаудың мағыналық	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

		түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолданады; – оқшау сөздердің қызметін біледі, жазба жұмыстарында орынды қолданады; – айқындауыш мүшелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын біледі, жазба жұмыстарында орынды қолданады.	
Айтылым		– ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтап, ауызша мәтін құрауда орынды қолданады; – ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолданады, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнатады; – сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады; – кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтап, олардың қолданылу мақсатын талдайды; – көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлейді; – әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдайды, негізгі үрдістерді анықтайды.	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар

5. Жиынтық бағалауды өткізу ережесі

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау кезінде кабинетіңіздегі көмек ретінде қолдануға мүмкін болатын кез келген көрнекі құралдарды (диаграммалар, кестелер, постерлер, плакаттар немесе карталарды) жауып қойған дұрыс.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталмас бұрын алғашқы бетінде жазылған нұсқау оқылып, білім алушыларға жұмыстың орындалу ұзақтығы хабарланады. Білім алушыларға жұмыс барысында бір-бірімен сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі. Нұсқаулықпен таныстырып болғаннан кейін, білім алушыларға тоқсан бойынша жиынтық бағалау басталғанға дейін түсінбеген сұрақтарын қоюға болатындығы туралы айтылады.

Білім алушылардың жұмысты өздігінен орындап жатқандығына, жұмысты орындау барысында көмек беретін қосымша ресурстарды, мысалы: сөздіктер немесе калькуляторлар (спецификацияда рұқсат берілген жағдайлардан басқа уақытта) пайдалануларына мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіледі. Олардың жұмыс уақытында бір-біріне көмектесулеріне, көшіріп алуларына және сөйлесулеріне болмайтындығы ескертіледі.

Білім алушыларға дұрыс емес жауапты өшіргішпен өшірудің орнына қарындашпен сызып қою ұсынылады.

Жұмыс барысында нұсқаулыққа немесе жұмыстың ұзақтығына қатысты білім алушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беруге болады. Жекелеген білім алушыларға көмек беруге негізделген кез келген ақпаратты оқуға, айтуға, өзгертіп айтуға немесе көрсетуге тыйым салынады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аяқталуына 5 минут уақыт қалғандығын үнемі хабарлап отыру қажет.

Тоқсандық жиынтық бағалау аяқталғаннан кейін, білім алушылардан жұмыстарын тоқтатып, қалам/қарындаштарын партаның үстіне қоюларын өтіну керек.

6. Модерация және балл қою

Барлық мұғалімдер балл қою кестесінің бірдей нұсқасын қолданады. Модерация үдерісінде бірыңғай балл қою кестесінен ауытқушылықты болдырмау үшін жұмыс үлгілерін балл қою кестесіне сәйкес тексеру қажет.

1-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

1-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 7 минут

Оқылым – 13 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 4-5 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

Жабық типті тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар 200-250 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге бағытталған тест және сұрақтарға жауап беру тапсырмаларын орындайды.	Көп таңдауы бар сұрақтар Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	7	5
6-10	11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау 11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 180-200 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Оқушылар мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, ашық сұраққа қатысты өз көзқарасын білдіру тапсырмаларын орындайды.	Шын, жалған тапсырмасы Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма	13	10
1-2	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі) 11.5.1.7 мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану 11.5.2.1 оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, шамамен 150-180 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Оның бірі шағын мақала жазу болса, екіншісі – эссе жазу. Мұғалім оқушының публицистикалық, ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдануын, оқшау сөздерді жұмыстарында орынды қолдануын бағалайды.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10

	қолдану				
1-3	11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану 11.2.2.1 ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату	Тапсырма жұпта орындалады. Оқушы берілген тапсырма бойынша тақырыпқа сай күрделі сөздер мен термин сөздерді қолдана отырып, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, қарым-қатынасқа түсуі бағаланады. (Оқу тоқсанында қанша тарау болса, сонша тапсырма дайындалу керек!)	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 4-5 минут беріледі.	5
Барлығы					40

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Бай кедейге қарап байып жатыр. Ең бастысы, әлеуметтік жікшілдік ұлғайып барады. Осыдан үш жыл бұрын зерттеуші Тома Пикетти ауқымды жұмыс атқарды. Соның қорытындысына қарасақ, қандай жағдай орын алса да, бай байи береді, кедей кедейлене береді. Ал ғылыми түрде айтсақ, жылдар өтсе де, байлық аз ғана топтың иелігіне жиналады екен. Яғни үлкен топтардың байлығы азайып, белгілі бір адамдарға өтеді. Мысалы, 2006 жылдан бері бүкіл әлемде байлықтың 99%-ы белгілі 1% адамның қолында ғана деген мәлімет тараған. Демек байлардың байлығы азайып жатқаны заңдылық.

АҚШ-тың Вашингтон қаласында Петерсен әлемдік экономика институты іргелі зерттеулер жүргізіпті. Мұнда байлықтың қай тұстан молынан ағылуына байланысты елдерді дамыған және дамушы елдер деп екіге бөлген. Зерттеу нәтижесі бойынша байлық көзі жаңа өнім шығару және жаңа бизнес-жоба жасау арқылы пайда болған.

БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерреш: – Әлемде адамзатқа төніп тұрған жеті түрлі қауіп бар, – дейді. Біріншісі – ядролық қаруды пайдалану қатері, екіншісі – халықаралық терроризм, үшіншісі – қарулық кикілжіңдердің көбеюі, төртіншісі – климаттың өзгеруі, бесіншісі – қоғамды жікшілдікке бөлетін тепе-теңсіздіктің белең алуы. Алтыншы – инновацияның көлеңкелі тұстары. Жетінші – дағдарыстың салдарынан босқындар саны артып, оларды қабылдауға қарсы елдердің көбеюі. Еуропа елдеріне жол тартқан босқындарды жақтырып отырған ешкім жоқ. Алайда кейбір мемлекет жанашырлық танытып жатса, енді бірі елден аластатуға кіріскені белгілі. Сол жеті қауіптің ең қауіптісі – әлеуметтік теңсіздік. Бұл бүгін ғана пайда болған жоқ. Мысалы, кешегі заманда оңтүстік пен солтүстіктің мәселесі дегенді жиі естідік. Солтүстік дегеніміз – дамыған елдер. Оған АҚШ, Канада, Жапония, Ресей, т.б. алпауыт елдер кірді. Ал дамушы елдер оңтүстікте орналасқан. (233 сөз)

1. Т.Пикетти зерттеуі бойынша қандай қорытынды жасады?

- А. байлар кедейлердің көмегімен байды
- В. ауқатты адамдардың байлығы арта береді
- С. кенже дамыған елдерде босқындар саны жоғары

[1]

2. Босқындардың санының артуына себеп

- А. дағдарыс
- В. климаттың өзгеруі
- С. әлеуметтік теңсіздік

[1]

3. А.Гутеррештің айтуынша, қай қауіп өте қатерлі?

- А. ядролық қару
- В. әлеуметтік теңсіздік
- С. халықаралық таңкестік

[1]

4-5. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

А. Байлықтың негізі қалай құрылады?

[1]

Ә. Оңтүстік мәселесі қандай елдерге тән?

[1]

Оқылым

Атом станциялары құрылысы жөнінен ең қымбат нысан болып есептеледі. Атом электр станцияларының қызмет ету мерзімі орташа есеппен қырық жылға тең. Оны салуға жұмсалатын қаржыдан бөлек, шикізат – байытылған уран мен мерзімі өткеннен кейін пайдаланудан шығаруға кететін қаржы да ұшан-теңіз.

АЭС жанында өмір сүретін адамдардың арасында лейкемия (ақ қан), ісік ауруы жиі кездеседі деген жалған түсінік бар. Бұл аурумен Жердің кез келген нүктелерінде адамдар шамамен бірдей деңгейде ауырады. Ол АЭС-тің жаны болсын, табиғаты сұлу аймақ болсын, статистика бойынша бәрі бірдей. Көпшілігіміз оқығандай не теледидардан көргендей, біз жел мен толқын энергиясын экологиялық жағынан ең тазалары деп білеміз, бірақ бұл да – даулы сұрақ. Өйткені көбіне жел станциялары су қоймалардың жанына салынғандықтан, ол аймақтың экологиялық балансын едәуір бұзады. Олардың саны көп болған сайын табиғатқа келетін шығын да арта түседі. Ал АЭС-тің бір өзі өндіретін энергия көлеміне тең энергияны өндіру үшін жүздеген жел станциялары қажет болады екен. Кейбіреулер АЭС-қа отын ретінде пайдаланылатын уран жақын болашақта сарқылады дегенді айтады. Бұл – түбегейлі қате пікір. Себебі уранның Жердегі мөлшері алтыннан 600 есе көп. Бұл – шамамен 500 жылдық қор деген сөз. Ол біткен күннің өзінде ғалымдар торий элементін химиялық өңдеуден өткізіп, одан оп-оңай уран алады. Ал торийдің қоры ураннан үш есеге дейін мол екенін айта кетейік. Атом энергиясының бағасы жөнінде көпшілік арасында әртүрлі ой бар. Бұл энергияның 10 пайызын ғана уранның бағасы құрайды. Оған әлемдік нарықтағы қойылған баға да мұнай мен газға қарағанда әлдеқайда тұрақты. (224 сөз)

6. Мәтін мазмұнына сай келетін ақпараттарды белгілеңіз.

Ақпараттар	Шын	Жалған
А. АЭС жарты ғасырға жуық жұмыс жасайды.		
В. Жел станциялары экологиялық тепе-теңдікті өзгеруіне әсер етеді .		
С. Жердегі уран қоры алтыннан аз.		
Д. Торийден уран алуға болады.		

[3]

7. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз

[1]

8. Мәтіннің жанрын анықтаңыз

[1]

9. Мәтіннен жанрға сай тілдік ерекшеліктеріне 3 дәлел келтіріңіз

1-дәлел	2-дәлел	3-дәлел

[3]

10. Қазақстандағы атом энергетикасын дамытуға қатысты көзқарасыңыз қандай? Ойыңызды 2-3 сөйлеммен жеткізіңіз.

[2]

Жазылым

Екі сұрақтың біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі: 150-180. Өз жауабыңызды тиісті стильге, жанрға келтіріңіз.

[10]

- 1) Мұнай өндірісінің экологияға әсері туралы эссе жазыңыз. Жазба жұмысында шылаулар мен оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.
- 2) Жергілікті газет бетіне жастарға арнап «Әдебиет – тіл өнері» деген тақырыпта мақала жазыңыз. Жазба жұмысында шылаулар мен оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.

Айтылым

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұпта диалогке қатысыңыз. Өз пікіріңізді білдіруде тақырыпқа қатысты күрделі сөздер мен термин сөздерді және сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданыңыз.

- 1) Әлеуметтік теңсіздік мәселесі
- 2) Мұнай өнеркәсібінің Қазақстан экономикасындағы рөлі
- 3) Әдебиет – ұлттың жаны

[5]

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
1-3	1-В 2-А 3-В	1 1 1	3
4-5	А. жаңа өнім шығару және жаңа бизнес-жоба жасау Ә. дамушы елдерге	1 1	2
Барлығы			5 балл

Оқылым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
6	А, В, Д	1 1 1	3
7	АЭС маңызы туралы ақпарат беру	1	1
8	Мақала	1	1
9	Сан есімдердің қолданылу мақсатын түсіндіру; Жалқы есімдердің қолданылу мақсатын түсіндіру; Етістіктердің негізінен ауыспалы осы шақта қолданылуы, т.б.	1 1 1	3
10	Оқушының жауабы сұраққа ашық жауап беретіндей толық болса 2 балл, толық емес, жүйесіз болса, 1 балл беріледі.	2	2
Барлығы			10 балл

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;	1
2	тақырыпқа қатысты тілдік құралдарды орынды қолданады;	1
3	тақырыпты ашады;	2
4	құрылымды сақтайды;	1
5	күрделенген жай сөйлемдерді/ құрмалас сөйлемдерді қолданады;	1
6	шылауларды қолданады;	1
7	оқшау сөздерді қолданады;	1
8	грамматикалық нормаларды сақтайды;	1
9	пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		10

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты жұпта диалог құрайды;	1
2	тақырыпқа қатысты жұбына сұрақтар қояды;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	1
4	сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады;	1
8	грамматикалық нормаларды сақтайды/ елеусіз қателер жібереді.	1
Барлығы		5

2-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

2-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 8 минут

Оқылым – 12 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 4-5 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

Жабық типті тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар 250-300 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге бағытталған сәйкестендіру және толықтыруды қажет ететін тапсырмалар мен мәтіннің негізгі идеясын анықтауға бағытталған тапсырмаларды орындайды.	Сәйкестендіру тапсырмалары Толықтыруды қажет ететін тапсырма	8	5
6-10	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.3.5.1 қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 180-200 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Оқушылар мәтіндегі ақпараттардың ретін анықтау, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, берілген пікірге қатысты өз көзқарасын білдіру тапсырмаларын орындайды.	Ақпараттардың ретін анықтау тапсырмасы Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма	12	10

1-3	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, үндеу жазу; 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе) 11.4.3.1 шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу; 11.5.1.4 мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, шамамен 180-200 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Оның бірі үндеу жазу болса, екіншісі – эссе жазу. Мұғалім оқушының публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолдана алуын, көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын, есімдіктерді орынды қолдануын бағалайды.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10
1	11.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау 11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	Тапсырма жеке орындалады. Оқушы берілген кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырып, қажетті аргументтерді орынды қолдана отырып, ауызша мәтін құрай алуы бағаланады. (Оқу тоқсанында қанша тарау болса, сонша тапсырма дайындалу керек!)	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 4-5 минут беріледі.	5
Барлығы					40

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс. Жұмыссыздар санының көбеюі тауар мен қызметке сұранымды азайтады. Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден ашынған халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір ереуілге қатысуға даяр тұрады. Жұмыссыздық – жастар арасында қылмыс тамырланатын ұя, себебі күнкөріс көзін таба алмаған кісі оның басқа жолдарын, көбінесе қылмыспен пайда табу жолдарын іздестіруге көшеді.

Жұмыссыздықтың түрлері:

Уақытша жұмыссыздық. Бұл жұмыссыздық уақытша болдады, ол адамдардың жұмыс орнын ауыстыра бергісі келгеннен туады. Алайда бір жұмыс орнынан екіншісіне көшу белгілі бір уақытты керек етеді, әсіресе, жаңа жұмыс орны елдің басқа бір аймағында болса. Адамдардың жұмыс істемеген осы аралықтағы уақыт уақытша (фрикциялық) жұмыссыздыққа жатады.

Құрылымдық жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрінің пайда болуына техникалық прогресс себепші, өйткені бұл процестің нәтижесінде кейбір мамандықтар өшіп, олардың орнына жаңа мамандықтар дүниеге келеді. Әсіресе, біздің елімізде соңғы он жылда құрылымдық жұмыссыздық айқын қылаң берді. Әміршіл экономиканың нарықтық экономикаға көшу барысы бір мамандыққа сұранымның азайып, екінші мамандыққа өсуімен қатар жүрді.

Маусымдық жұмыссыздық. Маусымдық жұмыссыздық қызметі белгілі бір маусым кезінде жүретін жекелеген салаларға тән. Бұл, әсіресе, қысы мен жазы климат жағдайы бойынша күрт өзгеше болып келетін елдерге қатысты.

Циклдық жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың бұл түрі елдегі экономикалық құлдырау кезінде бой көрсетеді. Құлдырауға барлық дерлік тауар және қызмет көрсетулерге сатып алушылар сұранысының төмендеуі, өндірістің қысқаруы, демек жұмыс орындарының қысқарып, жұмыссыздар санының көбеюі тән болып келеді. (234 сөз)

1. Ақпараттарды мазмұн бойынша сәйкестендіріңіз.

Тұжырым	мағынасы	жауап
1. Уақытша жұмыссыздық	А. жыл мезгілдерінде байланысты орын алады.	1-
2. Құрылымдық жұмыссыздық	В. Адамдардың тұрғылықты мекенін ауыстыруына байланысты орын алады.	2-
3. Маусымдық жұмыссыздық	С. Елдегі экономикалық дағдарыстың әсерінен орын алады.	3-
4. Циклдік жұмыссыздық	Д. Ғылым мен технологияның дамуына байланысты мамандықтардың сұранысқа ие болмауы	4-

[1]

2-4. Көп нүктенің орнына берілген сөздердің қажеттісін қойыңыз.

(наразы/ артуы/ тоқырау/ сұранысты/төңкеріске)

А. Жұмыссыздар санының тауар мен қызметке азайтады.

[1]

В. Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бірқатысуға даяр тұрады.

[1]

С. Жұмыссыздықтың бұл түрі елдегі экономикалық кезінде бой көрсетеді.

[1]

5. Автордың идеясын 1 сөйлеммен түсіндіріңіз.

[1]

Оқылым

Біздің заманымызға дейінгі бесінші ғасырда Афинада сахналық қойылымдарға арналған алаңдар пайда бола бастады. Дөңгелек пішінде салынған театрдың жартысы – көрермендерге тиесілі. Олар сахнаны айнала төменнен жоғарыға дейін жайғасып отырады. Театр пайда болысымен, грек пьесасының екі түрі пайда болды: трагедия және комедия. Трагедияда грек аңыздары мен мифтерінің қаһармандарының жауларымен айқасуы баяндалды. Трагедия көбіне бақытсыздықпен аяқталды. Ал комедияда қарапайым адамдар туралы айтылды. Ондағы кейіпкерлер – қаһармандық деңгейге көтерілмеген, ешкімге белгісіз адамдар.

Театр костюмдері Ежелгі Грекиядағы дала театрының актерлері сахнаға шыққанда үнемі жасанды шаштармен, қалың туникаларымен және үлкен кебістермен ойнаған. Осы киім үлгілері арқылы олар сымбатты, әрі өзгелерден ерекше көрінген. Жарқын түсті киімдер актердің жағымды қаһармандарды сомдайтындығын білдірсе, сұр және көк түсті киінгендер бақытсыз кейіпкердің образын білдірген. Ал қара түс қазаның белгісі болып табылатын. Комедияларда актерлердің кеуде тұсы мен ішіне жастық тығып қоятын болған. Ал хористердің бетінде бетперде де, аяқ киім де болмаған. Олар тек үстеріне қарапайым туника мен гиматий киген.

Дала театрының залы өте үлкен болған. Оның үлкендігі сонша, артта отырған адамдар сахнадан өте алыста орналасады. Сондықтан олар сахнада болып жатқан көріністі ойдағыдай көре алмаған. Бүкіл рөлді ерлер ойнайтын болғандықтан, өздерінің қандай образда (ер адам немесе әйел адам) жүргендігін көрсету үшін бастарына үлкен бетперделер киіп жүрген. Бетпердеде кейіпкердің жан күйзелісі мен қуаныш-қайғысы да көрініп тұратын болған. Ол заманда актерлерге арналған сахнаның бетперделері ағаштың қабықтарынан және сурет салынған қалың маталардан жасалды. Актердің даусы еркін шықсын деген оймен бетперденің аузын үлкен тесік еткен. (227 сөз)

6. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттардың ретін көрсетіңіз.

Ақпараттар	Реті
Рөлдерді ер адамдар ойнайды.	
Кейіпкердердің образы киімдердің түстеріне байланысты болған.	

Алғашқы сахналардың пішіні дөңгелек болған.	
---	--

[3]

7. Мәтіннен берілген сөздердің синонимін табыңыз.

- а. дұшпан- _____
ә. қашық- _____

[2]

8-9. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

А. Дала театрларының актерлері неліктен ерекше киінген?

[1]

В. Бетпердені не үшін киген?

[1]

10. «Театр – тәрбие ошағы» деген пікірмен келісесіз бе? Ойыңызды ПОПС формуласы негізінде тұжырымдаңыз.

[3]

Жазылым


Үш сұрақтың біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі: 200-250. Өз жауабыңызды тиісті стильге, жанрға келтіріңіз.

[10]

- 1) Әлемдік жұмыссыздық мәселесін жою мүмкін емес. Сіз осы тұжырыммен келісесіз бе? Сіздің пікіріңізді растайтын аргументтер мен дәлелдер келтіре отырып, «келісу, келіспеу» эссесін жазыңыз. Жазба жұмысында көркемдегіш құралдар мен есімдіктерді орынды қолданыңыз.
- 2) «Қазақстанның болашағы – жастардың қолында!» деген тақырыпта отандастарыңызға арнап үндеу хат жазыңыз. Жазба жұмысында көркемдегіш құралдар мен есімдіктерді орынды қолданыңыз.
- 3) Театрдың көрермендері кино өнерімен салыстырғанда неге аз? Ойыңызды дискуссивті эссе түрінде беріңіз. Жазба жұмысында көркемдегіш құралдар мен есімдіктерді орынды қолданыңыз.

Айтылым

Кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырып, қажетті аргументтерді орынды қолдана отырып, талдау жасаңыз.



КӨСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ

**«БИЗНЕСІНІҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ 2020» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА
15,2 МЛРД. ТЕҢГЕ СОМАСЫНА 208 ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ**

The chart displays two data series over two time points. The first series, 'New and medium businesses creating jobs' (purple bars), shows an increase from 44.1 in 2017 to 47.0 in 2018. The second series, 'Jobs created by SMEs' (yellow bars), shows a decrease from 108.6 in 2017 to 40.8 in 2018. A red line connects the data points for the SME share, showing a significant drop from 38.1% to 40.8%.

Көрсеткіш	01.01.2017 жылы	01.01.2018 жылы
Шығын және орта бизнесінің жұмыс істеп тұрған субъектілерінің саны, (мың бірлік)	44,1	47,0
ШОБ-те жұмыспен қамтылғандардың саны, (мың адам)	108,6	40,8
Жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санындағы ШОБ-те жұмыспен қамтылғандардың үлесі, (%)	38,1	40,8

**«ДАМУ ӨНДІМСІ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АЯСЫНДА ӨНДЕУ
СЕКТОРЫНДА 13,4 МЛРД. ТЕҢГЕ СОМАСЫНА
79 ЖОБА МАҚҰЛДАНДЫ**

График 1.2 представляет собой комбинированный график, состоящий из столбчатой диаграммы и линейного графика. Столбчатая диаграмма показывает структуру производства продукции животноводства в % к соответствующим показателям за 2016 г. для 12 месяцев 2017 и 2018 годов. Линейный график показывает динамику производства продукции животноводства в % к соответствующим показателям за 2016 г. для 12 месяцев 2017 и 2018 годов.

Легенда:

- продукция скота¹⁾, мяс. едн.
- продукция скота²⁾, мяс. едн.
- продукция скота³⁾, %
- продукция скота⁴⁾, %

Данные, представленные на графике:

Месяц	продукция скота ¹⁾ , мяс. едн.	продукция скота ²⁾ , мяс. едн.	продукция скота ³⁾ , %	продукция скота ⁴⁾ , %
январь 2017	139,6	1,5	4,9	3,5
февраль 2017	125,9	1,4	4,9	3,4
март 2017	70,3	0,8	4,9	3,1
апрель 2017	92,6	1,0	4,9	3,2
май 2017	100,3	1,3	4,9	3,3
июнь 2017	139,8	1,5	4,9	3,5
июль 2017	147,7	1,6	4,9	3,6
август 2017	153,4	1,7	4,9	3,7
сентябрь 2017	149,5	1,7	4,9	3,7
октябрь 2017	154,6	1,7	4,9	3,7
ноябрь 2017	151,9	1,7	4,8	3,7
декабрь 2017	146,8	1,6	4,8	3,6
январь 2018	147,1	1,6	4,8	3,6

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
1	1-В 2-Д 3-А 4-С	1 1 1	1
2-4	А. Жұмыссыздар санының артуы тауар мен қызметке сұранысты азайтады. В. Елде жұмыссыздықты саяси жағдайдың шиеленісуі өршітіп жібере алады, себебі әбден наразы халық жұмыстың, ақшаның жоқтығы діңкелеткен адамдар үкімет өзгерсе жағдайымыз жақсара ма деген үмітпен қандай да бір төңкеріске қатысуға даяр тұрады. С. Жұмыссыздықтың бұл түрі елдегі экономикалық тоқырау кезінде бой көрсетеді.	1 1 1	3
5	Жұмыссыздықтың түрлері туралы ақпарат бере отырып, оның салдары туралы ой салу	1	1
Барлығы			5 балл

Оқылым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
6	3 2 1	1 1 1	3
7	дұшпан-жау қашық-алыс	1 1	2
8-9	Осы киім үлгілері арқылы олар сымбатты, әрі өзгелерден ерекше көрінген. Өздерінің қандай образда (ер адам немесе әйел адам) жүргендігін көрсету үшін киген.	1 1	2
10	Пікірге қатысты ойын түсіндіріп, аргументтер арқылы дәлелдеп, қорытынды жасай алған жағдайда толық 3 балл	3	3
			10 балл

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;	1
2	тақырыпқа қатысты тілдік құралдарды орынды қолданады;	1
3	тақырыпты ашады;	2
4	құрылымды сақтайды;	1
5	күрделенген жай сөйлемдерді/ құрмалас сөйлемдерді қолданады;	1
6	көркемдегіш құралдарды қолданады;	1
7	есімдіктерді қолданады;	1
8	грамматикалық нормаларды сақтайды;	1
9	пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		10

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрайды;	1
2	кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырады;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	1
4	көзқарасын білдіреді;	1
5	грамматикалық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы:		5

3-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

3-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 8 минут

Оқылым – 12 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 4-5 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

Жабық типті тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма

Толық жауапты қажет ететін тапсырма

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну 11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар 250-300 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мәтін мазмұнына сай келетін ақпараттарды анықтауға бағытталған тапсырма мен мәтіндегі мәселені анықтап, оның себебі мен салдарын түсіндіруге және мәселеге қатысты көзқарасын білдіруге бағытталған тапсырманы орындайды.	Мәтін мазмұны бойынша ақпараттарды сәйкестендіру тапсырмасы Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма Толық жауапты қажет ететін тапсырма	8	5
6-10	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 250-270 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Оқушылар 1-2 тапсырмада берілген сөздердің синонимін және антонимін мәтіннен тауып жазады. 3-4 тапсырмада мәтіннен алынған сөйлемдерді берілген сөзден бастап, мағынасын сақтап, перифраз жасайды. 5-тапсырмада мәтінді берілген аспектілер бойынша талдайды.	Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар Перифраздау тапсырмасы Толық жауапты қажет ететін тапсырма	10	10

1-3	11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе) 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе) 11.5.1.7 мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген үш тапсырманың бірін таңдап, шамамен 200-250 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Оның бірі аргументативті эссе жазу болса, екіншісі – дискуссивті эссе жазу. Мұғалім оқушының көтерілген мәселеге қатысты ақпараттарды орынды қолданып, өз ойын дәлелдеп жазуын, жазба жұмысында шылауларды орынды қолдана алуын бағалайды.	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10
1	11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау 11.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушы берілген кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырып, қажетті деректердің, сандық сипаттамалардың қолданылу мақсатын талдап түсіндіреді. (Оқу тоқсанында қанша тарау болса, сонша тапсырма дайындалу керек!)	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 4-5 минут беріледі.	5
Барлығы					30

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

1993 жылы Қазақстан Дүниежүзілік туристік ұйымның мүшесі атанды. Елімізде туризмнің бірнеше түрі қарқынды дамып келеді. Олар: этнотуризм, тау туризмі, емдік-сауықтыру туризмі, мәдени-танымдық туризм, аңшылық пен балық аулау, т.б.

Этнотуризм – Қазақстанның бай тарихи өткені мен қазақ халқының ерекше мәдениетін насихаттау арқылы шетелдіктерді тартатын туризмнің бір түрі. Қазақстанның қай аймағында болмасын жолаушылар қазақ этносына тән салт-дәстүрмен, шығармашылық ерекшелікпен танысып, елдің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін зерттей алады.

Қазақстан – тау туризмі үшін қолайлы ел. Мұнда бұл салада барлық жағдай жасалған деуге болады. Қазақстан бойынша турлар белсенді демалысты, табиғатқа саяхатты, қарлы тау шыңдарына шығу, сондай-ақ жолай жұмбаққа толы үңгірлер мен көгілдір терең сулы көлдерді зерттеуді қамтиды.

Қазақстанда емдік-сауықтыру туризмін де дамытуға болады. Себебі еліміз тек қана емдік-табиғи ресурстарға ғана бай емес, сонымен бірге табиғи өңірлерде орналасқан заманауи шипажайларымен де танымал. Емдік-сауықтыру туризмі Қазақстанның барлық территориясына таралған, сондықтан сіз елдің қай жерінде болсаңыз да, емделумен қатар демала да аласыз. Емдік курорттар түрлі ауруларға ем болатын минералды су, бұғы мүйізімен емдеу, емдік климат және т.б. түрлі емдеу қызметтерін ұсынады.

Елімізде 25 мыңнан астам ескерткіштер және географиялық көрікті жерлер бар екен. Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасы объектілері ЮНЕСКО-ның әлемдік маңызы бар ескерткіштері болып танылады және осы ұйымның қорғауында. Сонымен қатар мәдени құндылықтардың 2 миллионнан астам бірліктері қазіргі Қазақстан жерінің тұрмыстық мәдениетінің дамуының барлық кезеңдерін бейнелейді.

Ер адамдар әусе болып келетін ермектердің бірі – аң аулау мен балық аулау. Бұл адам мен табиғат арасындағы мәдени байланыстың бір бөлігі сияқты. Нағыз аңшы жануарлар әлемі мен оны белсенді қорғау туралы ақпаратқа әрқашан қызығушылық танытады. Сол секілді балық аулау да жақсы демалыс. Балық аулағанда адам күнделікті тұрмыс-тіршіліктен бір сәтке босап, сергек күйді сезінеді. (259 сөз)

1. Мәтін мазмұны бойынша екі бағандағы ақпараттарды сәйкестендіріңіз.

Ақпарат	Ақпарат	Сәйкестендіру бағаны
1. Этнотуризм	А. Еліміздің барлық аймақтарында кең таралып, денсаулықты нығайтады.	1-
2. Тау туризмі	В.Құпияға толы тау үңгірлері мен биік тауларды бағындырады.	2-
3. Емдік-сауықтыру туризмі	С. Ер адамдарға арналған туризм түрі.	3-
4. Мәдени-танымдық туризм	Д. Қазақ халқының әдет-ғұрпымен, тұрмысымен танысады.	4-
5. Аң аулау мен балық аулау туризмі	Е. Тарихи жәдігерлер сақталған аймақтарға саяхат жасайды.	5-

[1]

2. Жабайы табиғат аясындағы белсенді тынығу қай туризмге тән?

- А. мәдени-танымдық туризм
- В. емдік-сауықтыру туризмі
- С. тау туризмі
- Д. этнотуризм

[1]

3. Мәдени құндылықтар несімен маңызды?

- А. ЮНЕСКО ұйымы қорғауға алғандықтан
- В. түрлі емдеу қызметтерін ұсынатындықтан
- С. мәдени құндылықтар санының көптігінен
- Д. ел мәдениетінің дамуын сипайттайтындықтан

[1]

4-5.

А. Қазақстанда туризм түрлерін дамытудың қандай мүмкіндіктері бар?

[1]

В. Нағыз аңшылардың қызығушылығы не?

[1]

Оқылым

Әлемде түрлі ұйымдардың әйелдердің құқығын қорғау мақсатында талпыныс жасап жатқанымен, көптеген елдерде әлі күнге дейін олардың құқықтарына қатысты қол сұғушылық, әділетсіздік пен кемсітушілік орын алуда.

БҰҰ-ның бағдарламаларын орындаушылардың әлем елдеріндегі әйелдердің сауаттылығына қатысты деректеріне сай, дамушы елдерде әйелдер арасындағы сауатсыздықтың жоғарғы көрсеткіші мен оларға қатысты кемсітушілік көп қиындық тудырып отыр. Мысалы, Мали елінде әйел адамдардың тек 25 пайызы ғана сауатты, ал ерлер арасындағы сауатталық деңгейі – 43 пайыз. Чад елінде сауатты әйелдер мен ерлердің үлесі сәйкесінше 28 және 47 пайызды құрайды. Чадта бастауыш мектепті бітірген қыз балалардың тек 55 пайызы ғана орта мектепке бару үшін тіркеледі. Чадтан кейін Кот-д’Ивуар, Пәкістан мен Йемен елдері де қыз балалардың бастауыш мектептен орта мектепке өту алаңында гендерлік теңсіздікке тап болып отыр. Жоғары білім алумен қатар, сауаттылық та осы елдердегі оқу-білімнің ең маңызды бөлімдері ретінде әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздіктің құрбаны болуда. Тіпті дамыған елдерде де білім алу және жоғарғы оқуға түсуде әйелдердің ер адамдарға қарағанда озық болуына қарамастан, қызметке алу мәселесі көтерілген кезде әйелдер теңсіздікпен бетпе-бет келеді.

Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметіне сәйкес көптеген елдерде әйелдер ерлермен бірдей дипломға ие болғанымен, кеңселерге қызметке алынбайды. Бұл елдердің барлығында кеңседе жұмыс істейтін қызметкерлердің 80 пайызын ерлер құрайды. Гендерлік теңдік тұрғысынан жағдайы нашар саналатын елдерде ерлер әйелдерге қарағанда кем дегенде үш есе көбірек жұмыс күші ретінде қызмет етуде. Сонымен қатар осы елдердегі жұмыс істейтін әйелдердің басым бөлігі ерлерге қарағанда айтарлықтай мөлшерде төмен жалақы алады. Мысалы, Ливанда ерлер жылына 26 мың доллардан астам табыс тапса, әйелдердің бір жылдық жалақысы тек 7106 долларды құрайды. (243 сөз)

6. Мәтіннен берілген сөздердің синонимін табыңыз.

- а. қабылданбайды- _____
в. ахуал- _____

[2]

7. Мәтіннен берілген сөздердің антонимін табыңыз.

- а. теңдік- _____
в. жоғары- _____

[2]

8-9. Сөйлемдерді берілген сөзден бастап, мағынасын сақтап, өз сөзіңізбен жазыңыз.

А. Чадта бастауыш мектепті бітірген қыз балалардың тек 55 пайызы ғана орта мектепке бару үшін тіркеледі.

Орта мектепке _____

[1]

В. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметіне сәйкес, көптеген елдерде әйелдер ерлермен бірдей дипломға ие болғанымен, кеңселерге қызметке алынбайды.

Көптеген _____

[1]

10. Мәтінді берілген аспектілер бойынша талдаңыз (әр аспект үшін 1 балл беріледі).

Талдау аспектілері	Дәлелдеме
Мақсатты аудиториясы	
Детальді ақпарат	
Оқырманға әсері	
Автор позициясы	

[4]

Жазылым

Екі сұрақтың біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі: 150-180. Өз жауабыңызды тиісті стильге, жанрға келтіріңіз.

[10]

- 1) Қазақстанда туризмнің барлық түрлерін дамытуға мүмкіндік бар болғанымен, бұл саланың дамымауының себебі неде? Ойыңызды дискуссивті эссе түрінде жеткізіңіз. Жазба жұмысында шылауларды орынды қолданыңыз.
- 2) Қазіргі жастардың бойында елжандылық қасиеті төмен деген пікірмен келісесіз бе? Ойыңызды аргументативті эссе түрінде жеткізіңіз. Жазба жұмысында шылауларды орынды қолданыңыз.
- 3) Ер мен әйелдің тең болуы қаншалықты дұрыс? Ойыңызды дискуссивті эссе түрінде жеткізіңіз. Жазба жұмысында шылауларды орынды қолданыңыз.

Айтылым

Кесет-сызбалардағы сандық деректердің салыстыру арқылы қолданылу мақсатын талдаңыз.

Қазақстанның көші-қон айырмасының этникалық құрамы (Жалпы санының үлесі бойынша алынды, %)				
	Көшіп келушілер		Көшіп кетушілер	
	2018 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2017 жыл
	Қаңтар - маусым аралығы	Қаңтар - маусым аралығы	Қаңтар - маусым аралығы	Қаңтар - маусым аралығы
Жалпы	100	100	100	100
Қазақтар	54,3	61,0	4,3	4,3
Орыстар	22,6	18,4	72,1	70,4
Өзбектер	2,3	2,0	0,3	0,5
Украиндер	2,7	2,2	6,3	6,4
Татарлар	1,4	1,1	2,4	2,6
Немістер	1,4	1,2	7,8	9,1
Басқалары	15,3	14,1	6,8	6,7

Халықтың көші-қонының басты орталықтары

Эмиграция орталықтары	Иммиграция орталықтары
Оңтүстік және Шығыс Еуропа, Испания, Португалия, Грекия, Словения т.б.	Батыс Еуропа
Азия – Үндістан, Пәкістан, Түркия	
Солтүстік Африка-Алжир, Ливия, Египет	Мұнай өндіретін елдер – Сауд Арабиясы, Кувейт, БАӘ, Вахрейн, Катар
Африка, Египет, Оңтүстік-Батыс Азия – Йемен, Сирия, Судан.	
Оңтүстік Азия-Үндістан, Пәкістан, Бангладеш, т.б.	АҚШ, Канада
Латын Америкасы	
Азия елдері	
Еуропа елдері (Оңтүстік, Шығыс Еуропа елдері)	

Урбандалу кезеңдері

Бірінші кезең – XVIII ғ.	Урбандалу негізінен Еуропа мен Солтүстік Америкада бас- талды
Екінші кезең – XX ғ. басы	Урбандалу әлемнің көптеген аймақтарына таралды
Екінші кезең – XX ғ. бірінші жартысы	Урбандалу әлемнің көптеген аймақтарына таралды
Үшінші кезең – XX ғ. екінші жартысы	Ірі қалалардың пайда болуы. Дамыған елдерде мегалопо- листер, агломерациялардың қалыптасуы



Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
1	1-Д 2-В 3-А 4-С 5-Е	1	1
2-3	С Д	1 1	2
4-5	А. Елімізде туризмнің дамуы үшін барлық қажетті, мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар бар. В. Жануарлар әлемі мен оны белсенді қорғау туралы ақпаратқа әрқашан қызығушылық танытады.	1 1	2
Барлығы			5 балл

Оқылым

Тапсырма	Жауап кілті		Балл	Жалпы балл
6	а. қабылдандайды – алынбайды в. ахуал – жағдай		1 1	2
7	а. теңдік – теңсіздік в. жоғары – төмен		1 1	2
8-9	А. Орта мектепке бару үшін Чадта бастауыш мектепті бітірген қыз балалардың тек 55 пайызы ғана тіркеледі екен. В. Көптеген мемлекеттерде әйелдердің ерлермен бірдей дипломы болса да, кеңселерге қызметке қабылдандайтынын дүниежүзілік экономикалық форумы мәлімдейді.		1 1	2
10	Талдау аспектілері	Дәлелдеме	1	4
	Максатты аудиториясы	Әйел және ер дамдар, гендерлік мәселесіне қызығушылық танытандар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, т.б.	1 1 1	
	Детальді ақпарат	Оқушылардың мәтіннен нақты детальді ақпараттардың бірін табуы бағаланады.	1	
	Оқырманға әсері	Әлемдегі әйел теңсіздігі мәселесі туралы ой салады.	1	
	Автор позициясы	Әйел теңсіздігіне қарсы	1	
Барлығы				10 балл

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	Балл
1	жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;	1
2	тақырыпқа қатысты тілдік құралдарды қолданады;	1
3	тақырыпты ашады;	2
4	құрылымды сақтайды;	1
5	күрделенген жай сөйлемдерді қолданады;	1
6	шылауларды орынды қолданады;	2
7	грамматикалық нормаларды сақтайды;	1
8	пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		10

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрайды;	1
2	кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырады;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	1
4	көзқарасын білдіреді;	1
5	грамматикалық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		5

4-ТОҚСАННЫҢ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

4-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Тыңдалым – 8 минут

Оқылым – 12 минут

Жазылым – 18 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 4-5 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

Жабық типті тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі ісөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар 250-270 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мазмұн бойынша сөздердің мағынасын түсіндіру, көп нүктенің орнына қажетті сөздерді орналастыру, мәтін мазмұнына сай ақпараттарды анықтайтын тапсырмаларды орындайды.	Сөздердің мағынасын түсіндіру тапсырмасы Шын-жалған ақпараттарды анықтау тапсырмасы Толықтыруды қажет ететін тапсырмалар	8	5
6-11	11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 250-270 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Берілген сөздердің синонимін табатын, мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға толық жауап беретін және мәтіннің негізгі идеясын табатын, мәселеге қатысты ашық сұраққа жауап беретін тапсырмаларды орындайды.	Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма Толық жауапты қажет ететін тапсырма	12	10
1-2	11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе) 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген үш тапсырманың бірін таңдап, шамамен 200-250 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Оның бірі аргументативті эссе жазу болса, екіншісі – дискуссивті эссе жазу. Мұғалім оқушының көтерілген мәселеге қатысты ақпараттарды орынды қолданып, өз ойын дәлелдеп жазуын, жазба жұмысында шылауларды орынды қолдана алуын	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	18	10

	мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) 11.5.2.1 окшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану	бағалайды.			
1-3	11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу	Тапсырма жеке орындалады. Оқушы берілген тақырып туралы пікірін білдіріп, ауызша мәтін құрап айтады. Оқушының тақырыпқа қатысты сөздерді және сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдана алуы, көзқарасын білдіре алуы бағаланады. (Оқу тоқсанындағы тараулар бойынша әр оқушыға жеке-жеке тақырып дайындалу керек!)	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 4-5 минут беріледі.	5
Барлығы					30

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Толеранттылық қай кезеңде болсын ізгілікті іс ретінде саналған. Ол – рухани бірлікке апарар жол. Толеранттылық, төзімділік түрлі адамдар өмір сүретін ортада өзара сыйластық пен құрметтің ортаймауына ұйытқы болады. Толеранттылық бар жерде адамдардың құқығы мен бостандығы сақталады. Негізінен, әр адамның татулықты қалауы – қоғамның тұтастығын қамтамасыз етудің бір тетігі. Жалпы, толеранттылық үрдіс қалыптаспай, өркениетті қоғам құру мүмкін емес. Ортадағы төзімсіздік, шыдамсыздық түрлі дау-дамайға, тәртіпсіздікке, адам құқығының бұзылуына алып келеді. Кейбір қоғамдарда орын алып жатқан нәсілдік кемсітушіліктер, күмәнді таптаурын көзқарастар, дінаралық, ұлтаралық түйткілдер осы төзімсіздіктің салдары. Төзбеушілік орын алған жерде оған қарсы күш пайда болады. Бұл өзара жанжалдың ушығуына апарып соғады. Жеке адам өз бойындағы төзімсіздікпен күресуі үшін, алдымен қоғамдағы жағымсыз құбылыстарға, кесірлі топтарға қатысты өзінің байсалды ұстанымын қалыптастыра білуі қажет. Сондай-ақ, әр адам өзіне «Мен өз ортамда төзімділік көрсетіп жүрмін бе?», «Өзімнің көзқарасыммен келіспейтіндерді қабылдай алып жүрмін бе?» дегендей мазмұнда сауал қоюы керек. Осы арада француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің: «...Егер сен мен сияқты болмасаң, сол үшін сені кемсітпеймін, қайта құрметтеймін», – деген сөзін келтіре кетейік. Бұдан біз өзгенің наным-сенімін, өмірлік ұстанымын сыйлау, сондай-ақ, жаратылыстар болмысының әртекті келетініне түсіністікпен қарау қажеттігін ұғамыз.

Әлемнің кереметі – ондағы тіршіліктің әртектілігінде екенін де ұмытпағанымыз жөн. Жер бетінде өзіндік ерекше мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар түрлі ұлттар тұрады. Жер жүзіндегі адамдардың түп-тамырына үңілер болсақ, олардың бір-бірімен жіпсіз байланысты екеніне көз жеткіземіз. Осы өзара қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсу үшін, біріншіден, толеранттылық керек. Адамдар бір-бірінің нәсіліне, ұлтына, жынысына, жас ерекшеліктеріне қарамай, өзара сыйласуға ұмтылуы адамзаттың үлкен жетістігі деп бағалануы тиіс. Толеранттылыққа, төзімділікке, ынтымақтастыққа, өзара келісімге ұмтылу – Жер жүзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамдардың бостандығы мен құқығын сыйлауға, бақытты өмірге қадам басуға мүмкіндік береді. (255 сөз)

1-2. Берілген сөз тіркестерінің мағынасын мәтін мазмұны бойынша түсіндіріңіз.

Сөз тіркесі	Мағынасы
толеранттылық	
төзімділік	

[2]

3-4. Көп нүктенің орнына берілген сөздердің қажеттісін қойыңыз.

бірлікке/жанжалға/ әлемнің/аяққа тапталуына / құрметтеуге/

А. Ортадағы төзімсіздік, шыдамсыздық түрлі, тәртіпсіздікке, адам құқығының алып келеді.

[1]

В. Толеранттылыққа, төзімділікке,, өзара келісімге ұмтылу – қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамдардың бостандығы мен құқығын, бақытты өмірге қадам басуға мүмкіндік береді

[1]

5. Мәтін мазмұнына сай келетін ақпараттарды анықтаңыз.

Ақпараттар	Шын	Жалған
Толеранттылық болмаған жерде дамыған орта құруға мүмкіндік жоқ.	+	
Жер бетіндегі тіршіліктің түрлі болуы әлемнің ғажайыптылығы екені ұмытпау қажет.	+	
Әлем халықтарының арасында өзара байланыс жоқ		+

[1]

Оқылым

Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастар, яғни біздер. Қоғамның қозғаушы күші жастар екенін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үнемі айтады. Бүгінгі жастардың ерекше ұрпақ екенін қайталаудан жалықпайды.

Ерік-жігері күшті жастар ел ертеңі мен өз болашағы үшін бүгінгі бос уақытын қалт жібермеуі керек. Бос уақыт көп, жұмысымыз жоқ болып жатса, кінә өзімізден. «Қарны тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын» деп, Абай ақын айтпақшы, расында да еріккен жанның ойына түрлі жамандықтар келіп, жат қылықтарға, қылмысқа бой алдырары сөзсіз.

Уақыт демекші, біз, жастар, осы уақытты қалай пайдаланып жүрміз? Бос уақытымызда қандай іспен шұғылданамыз? Сол секілді қаншалықты тырысқанымызбен уақытты жүйелі пайдалануға дағдыланбай жататынымыз да белгілі. Бос уақытты тиімді пайдаланатын немесе жұмысбасты адамның бөтен пиғылды ойлауға мұршасы да болмайды.

Уақыт қашанда адам баласы үшін қымбат нәрсе болып келеді. Біз әрдайым уақытқа кіріптар екенімізді ұмытпауға тиіспіз. Берілген бос уақытқа бейғам қарамай, кездескен жат қылықтан қашық жүріп, қоғам үшін қандай да бір игі іс жасауға дағдылануымыз керек.

Бос уақыттың жастар өміріндегі рөлі орасан. Жұмыс пен оқудан тыс мезетті тиімді өткізу мақсатында қазір қоғамдық бірлестіктер қандай шаралар атқарып келеді? Жастардың таным-түйсігін арттыру, денсаулығын нығайту, шығармашылыққа баулу жолдарында атқарылатын қызметтер өз үдесінен шығып жүр ме? Бұл ретте қалалық Жастар саясаты басқармасының ұйытқы болуымен Алматыда «Дүйсенбілік футбол» өтіп жүр. Бұл шараның басталғанына биыл – үшінші жыл. Шараның басты мақсаты – базарда қарапайым жұмыс істеп, еңбегін маңдай термен адал тауып жүрген азаматтарға көңіл бөлу, бір сәт қуаныш сыйлау. Футболдан бөлек волейбол ойынын да кіргіздік. Биылдан бастап үстел теннисінен жарыс өткізу жоспарда бар. (249 сөз)

6. Мәтіннен сөздердің синонимін тауып жазыңыз.

айналысу-_____

[1]

естен шығармау-_____

[1]

7-9. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

А. Қолы бос адамдар қандай теріс әрекеттерге барады?

[1]

В. Жастар саясаты жастарға арнап қандай шаралар ұйымдастыруда?

[1]

С. Ұйымдастырылған шаралардың мақсаты қандай?

[1]

10. Мәтіннің негізгі идеясы қандай. 1 сөйлеммен түсіндіріңіз.

11. Қазіргі жастар бос уақытын тиімді өткізеді деп ойлайсыз ба? Ойыңызды ПОПС формуласы негізінде түсіндіріңіз.

[4]

Жазылым

Екі сұрақтың біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі: 200-250. Өз жауабыңызды тиісті стильге, жанрға келтіріңіз.

[10]

- 1) Қазақстан халқының толерантты болуы саяси мәселелерді шешуге ықпал етеді ме? Ойыңызды дискуссивті эссе түрінде жеткізіңіз. Жазба жұмысында оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.
- 2) Мемлекет қауіпсіздігін сақтауда халықаралық ұйымдардың маңызы қандай? Ойыңызды аргументативті эссе түрінде жеткізіңіз. Жазба жұмысында оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.

Айтылым

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, пікір білдіріңіз.

- 1) Қазақстан – толерантты ел
- 2) Бос уақытты пайдалы өткізу
- 3) Халықаралық ұйымдар

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
1-2	Толернаттылық – өзгелердің, наным-сенімін, өмірлік ұстанымын сыйлау/нәсіліне, ұлтына, жынысына, жас ерекшеліктеріне қарамай, өзара сыйласу. Төзімділік – қоғамдағы жағымсыз құбылыстарға, кесірлі топтарға қатысты өзінің байсалды ұстанымын қалыптастыра білу.	1 1	2
3-4	А. Ортадағы төзімсіздік, шыдамсыздық түрлі жанжалға, тәртіпсіздікке, адам құқығының аяққа тапталуына алып келеді. В. Толеранттылыққа, төзімділікке, бірлікке, өзара келісімге ұмтылу – әлемнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамдардың бостандығы мен құқығын құрметтеуге, бақытты өмірге қадам басуға мүмкіндік береді.	1 1	2
5	Толеранттылық болмаған жерде дамыған орта құруға мүмкіндік жоқ. Жер бетіндегі тіршіліктің түрлі болуы әлемнің ғажайыптылығы екені ұмытпау қажет.	1	1
Барлығы			5 балл

Оқылым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
6	айналысу-шұғылдану естен шығармау-ұмытпау	1 1	2
7-9	А. Түрлі жамандықтар келіп, жат қылықтарға, қылмысқа бой алдырады. В. 1.«Дүйсенбілік футбол»; 2. Волейбол ойыны С. Базарда қарапайым жұмыс істеп, еңбегін маңдай термен адал тауып жүрген азаматтарға көңіл бөлу, бір сәт қуаныш сыйлау.	1 1 1	3
10	Жастарды бос уақытын халық игілігі үшін жұмсауға шақырады.	1	1
11	Оқушының ойы ПОПС формуласына сай болған жағдайда 4 балл, түсінікті болғанымен пікірін дәлелдеуі жеткіліксіз болса, 2-3 балл, ойын қорытындылай алмаған жағдайда 1 балл беріледі.	1 1 1 1	4
Барлығы			10 балл

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;	1
2	тақырыпқа қатысты тілдік құралдарды қолданады;	1
3	тақырыпты ашады;	2
4	құрылымды сақтайды;	1
5	күрделенген жай сөйлемдерді қолданады;	1
6	оқшау сөздерді қолданады;	2
7	грамматикалық нормаларды сақтайды;	1
8	пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы:		10

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрайды;	1
2	көзқарасын білдіреді;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	1
4	өз көзқарасын нақты дәлелдермен көрсетеді;	1
5	грамматикалық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы:		5